

**"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117
қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 263 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23
қыркүйектегі № 1005 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері»
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 529-құжат)
мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі -
Министрлік) азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика
ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың,
медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы,
медициналық қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге
асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.»;

16 - тармақта:

Орталық аппараттың функциялары:
мынадай мазмұндағы 53) тармақшамен толықтырылсын:

«53) төтенше жағдайлар кезінде халықтың ауруларының алдын алу және
оларды емдеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымдардың дайындығын
қ а м т а м а с ы з е т у . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

